# Экономиканың басым секторларында пилоттық кластерлерді жасау мен дамыту жөніндегі жоспарларды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 633 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 18 ақпандағы "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" Жолдауын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырғандар бекітілсін:

1) "Металлургия" пилоттық кластерін жасау мен дамыту жөніндегі жоспар ;

2) "Көліктік логистика" пилоттық кластерін жасау мен дамыту жөніндегі жоспар ;

3) "Тоқыма өнеркәсібі" пилоттық кластерін жасау мен дамыту жөніндегі жоспар ;

4) "Құрылыс материалдары" пилоттық кластерін жасау мен дамыту жөніндегі жоспар ;

5) "Тамақ өнеркәсібі" пилоттық кластерін жасау мен дамыту жөніндегі жоспар ;

6) "Туризм" пилоттық кластерін жасау мен дамыту жөніндегі жоспар ;

7) "Мұнай-газ машиналарын жасау" пилоттық кластерін жасау мен дамыту жөніндегі жоспар .

2. Мүдделі министрліктер, ведомстволар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) жоспарлардың тиісті және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жарты жылда бір рет, есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жоспарлардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі:

1) жарты жылда бір рет, есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне жоспарлардың орындалуы туралы жиынтық ақпарат берсін;

2) "Экономиканың басым секторларын кластерлік дамыту жөніндегі жұмыс топтарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 44-ө өкіміне сәйкес құрылған салалық жұмыс топтарынан келіп түскен талдау материалдарын қорытуды және оларды электронды бұқаралық ақпарат құралдарына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 маусымдағы N 633 қаулысымен бекітілген

## "Металлургия" пилоттық кластерін жасау мен дамыту жөніндегі жоспар

Дамыған тау-кен-металлургия кешенінің болуы Қазақстан экономикасының серпінді дамуын айқындайтын факторлардың бірі болып табылады. Бұл ретте, шығарылатын қара және түсті металлургияның айтарлықтай үлесі Қарағанды облысының аумағында орналасқан кәсіпорындарға келеді.

"Миттал Стил Теміртау" АҚ және "Қазақмыс корпорациясы" ЖШС ірі компаниялары осы сектордың негізгі шаруашылық жүргізуші субъектілері болып табылады. Осы кәсіпорындардың маңында олардың қызметі үшін қажетті жабдық пен материалдарды жеткізушілердің 300-ден астамы, оның ішінде, болат прокатын, шойынды, ақ қаңылтырды, катодтық мысты, мысты созбасым мен сымды өңдеуге маманданған машина жасау мен металлургияның 30-дан астам кәсіпорындары шоғырланған.

М.Портердің кластерлер теориясы халықаралық ауқымдағы неғұрлым бәсекеге қабілетті бір саланың фирмалары әдетте бір өңірде жинақталғандығына негізделген, ал өз маңына неғұрлым бәсекеге қабілетті компаниялармен таралатын және осы компаниялардың берушілерін, тұтынушыларын және бәсекелестерін қозғайтын инновациялардың толқынды табиғатымен байланысты.

Бұл көзқарас тұрғысынан, Қарағанды облысы металл өңдеу жөніндегі кластерге кәсіпорындарды ұйымдастыру үшін барынша дайындалған, өйткені мұнда олардың арасындағы ынтымақтастық ғана емес, өз кезегінде, өнімнің сапасын арттыруға алып келетін бәсекелестіктің қажетті деңгейін қамтамасыз ететін жеткілікті қайта өңдеуші кәсіпорындар топтастырылған.

Осы жоспарда ұсынылған іс-шаралар металлургиядағы 4-5 қайта бөлінісі өнімі экспортының өсуін ынталандыруға, сондай-ақ экономиканың осы секторына ірі металлургиялық корпорациялармен бірге кооперация қағидаттарында шағын және орта кәсіпорындардың мүмкіндігінше үлкен санын тартуға бағытталған.

| Р / с N | Іс-шара | Аяқталу нысаны | Жауапты орындау-шылар | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **1. Жалпы жүйелік шаралар** | | | | |
| 1 | Металл өңдеу кәсіпорын-дарының негізгі құрал-дарын, сондай-ақ ме-таллургияның 3, 4, 5 қайта бөліністерінің өндірістерін жаңартудың (амортизация) қолайлы жағдайын жасау мақса-тында салық заңнамасына өзгеріс енгізу жөнінде-гі ұсыныстарды белгі-ленген тәртіппен жи-науды, қорытуды және енгізуді қамтамасыз ету | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат | ИСМ, ЭБЖМ | 2005 жылғы 3-тоқсан |
| 2 | Қоршаған ортаны ласта-ғаны үшін шаруашылық жүргізуші субъектілер-дің жауапкершілігін арттыру мақсатында:<br>а) айып санкцияларын ұлғайту;<br>б) шикізатты кешенді қайта өңдеуді арттыру және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі эко-логиялық талаптарды орындау, оның ішінде, қазіргі бар заңнаманың өзгерістері, одан кейінгі қайта өңдеулер мен басқалары үшін жинақталған өндірістік қалдықтарды беру (өт-кізу) есебінен метал-лургиялық кәсіпорындар-дың қалдықтарын кәдеге жаратуды және қайта өңдеуді ынталандыру жөніндегі шараларды қабылдау | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне есеп | Қоршаған-ортамині, ИСМ, ЭБЖМ, облыс әкімдіктері | 2006 жылғы 1-тоқсан |
| | "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республика-сының Заңын іске асыру-дың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Рес-публикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысымен бекі-тілген инвестициялық преференциялар беріле- | Қазақстан Республи- | | 2005 жылғы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | тін қызметтің кіші түр-лерінің жіктеуіштерінің деңгейіндегі тізбеге экономикалық қызметтің басым түрлерінің метал-лургиядағы 3, 4, 5 қайта бөлініс өнімін өндіру бойынша қызмет түрлерін енгізу мүмкіндігін қарау | касының Үкіметіне ұсыныстар | ИСМ, ЭБЖМ, Қаржымині | 3 - 4 - тоқсан |
| 4 | Металлургия және металл өңдеу кәсіпорындарының негізгі қорларын жаңар-туды ынталандыру мақса-тында "Салық және бюд-жетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Рес-публикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодек-сінде (Салық кодексі) белгіленген тәртіппен есепке алу әдісімен тө-ленетін импортталатын тауарлардың тізбесін қалыптастыру ережесін бекіту туралы" Қазақ-стан Республикасы Үкі-метінің 2003 жылғы 19 наурыздағы N 269 қаулы-сына сәйкес импорттала-тын жабдықтардың тізбе-сіне Қазақстан аумағын-да өндірілмейтін жаб-дықтың тиісті түрлерін енгізу жөніндегі ұсы-ныстарды белгіленген тәртіппен жинауды, қорытуды және енгізуді қамтамасыз ету | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат | ИСМ, ЭБЖМ | 2005 жылғы 4-тоқсан |
| 5 | Тау-кен-металлургия кешені мен машина жасау кәсіпорындарының қажет-тіліктерін ескере оты-рып, инженерлік кадр-лардағы кластер кәсіп-орындарының қажеттілік-теріне талдау жүргізу, оның нәтижесі бойынша елдегі және шетелдегі ЖОО-да тиісті техника-лық мамандықтар бойынша оқытуға гранттарға кво-таларды бөлу жөніндегі | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне есеп | ИСМ, облыс әкімдік-тері, БҒМ, ҮК | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ұсыныстарды жыл сайын енгізу | | | Жыл сайын |
| 6 | Түсті және қара металдардың жаңа кен орындарын анықтау мақсатында қатты пайдалы қазбалар бойынша геологиялық барлау жұмыстарын жыл сайынғы бюджеттік қаржыландырудағы қажеттіліктерін айқындау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ЭМРМ, ЭБЖМ | Жыл сайын |
| 7 | Ірі металлургиялық өндірістерді құруға қолдау көрсету мақсатында ҚИҚ және басқа даму институттары арқылы мемлекеттің қатысуы үшін ұсынылған стратегиялық маңызды инвестициялық жобалардың тізбесін дайындау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | ИСМ, ДИ (келісім бойынша), облыс әкімдіктері | 2005 жылғы 4-тоқсан |
| 8 | Талдау жүргізу және оның нәтижелері бойынша қызметкерлерді өндірісішілік оқыту жүйесі үшін лицензиялар мен сертификаттар беруді оңайлату туралы ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | БҒМ | 2005 жылғы 4-тоқсан |
| **2. Қарағанды облысында "Металлургия-Металл өңдеу" кластерін құру және дамыту жөніндегі іс-шаралар** | | | | |
| 9 | Қарағанды облысында "Металлургия" кластерінің үйлестіру кеңесін құру | ИСМ-ге ақпарат | Қарағанды облысының әкімдігі, МТЗО (келісім бойынша) | 2005 жылғы 3-тоқсан |
| 10 | Ірі, шағын және орта бизнестің (кластерге қатысушылар, жақын маңдағы өңірлердің өкілдері және т.б) қатысуымен негізгі проблемалық мәселелердің топтары бойынша Қарағанды қаласында | ИСМ-ге ақпарат | МТЗО (келісім бойынша), Қарағанды облысының әкімдігі | 2005 жылғы 3-4-тоқсан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | кластерлік конференция өткізу | | | |
| 11 | Республиканың басқа өңірлерінде кластерлер-ге әлеуетті қатысушы-лармен келіссөздер жүргізу | ИСМ-ге ақпарат | облыс әкімдіктері | 2005 жылғы 3-4-тоқсан |
| 12 | Кооперация жолдарын, ынтымақтастық мүмкін-діктерін анықтау үшін кластерге қатысушы кә-сіпкерлердің МСТ және ҚМК кәсіпорындарымен кездесулерін өткізу | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат | Қарағанды облысының әкімдігі, ИСМ | 2005 жылғы 3-тоқсан |
| 13 | Кластерді дамыту және металлургия мен машина жасау салаларының бәсе-кеге қабілеттілігін арттыру мақсатында МСТ және ҚМК аутсорсинг бағдарламасын әзірлеу | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат | ИСМ, Қарағанды облысының әкімдігі | 2005 жылғы 4-тоқсан |
| 14 | Мынадай:<br>а) ішкі рынокқа метал-лургия өнімін беру ке-зіндегі баға саясаты;<br>б) ірі кәсіпорындардың жергілікті тауар өнді-рушілер беретін өнімі үшін уақтылы ақы төлеу;<br>в) отандық тауар өн-дірушілердің өнімін босатудың басымдығы бөлігінде отандық та-уар өндірушілерге қа-тысты МСТ және ҚМК та-рабынан кемсітушілікке жол бермеу жөніндегі шараларды қабылдау | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат | ИСМ, Қаржымині, Қарағанды облысының әкімдігі | 2005 жылғы 3-тоқсан |
| 15 | Қарағанды облысындағы "Металлургия - Металл өңдеу" кластерінің үйлестіру кеңесі шеңбе-рінде ВЕБ парақшаны құру | ИСМ-ге ақпарат | Қарағанды облысының әкімдігі | 2005 жылғы 4-тоқсан |
| 16 | Тау-кен металлургия ке-шені кәсіпорындарының технологиялық жай-күйі-не талдау жүргізу | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат | ИСМ | 2006 жылғы 1-тоқсан |
| | Мына инвест жобаларды іске асырудың монито-рингін жүзеге асыру:<br>а) МСТ - сұрыпты про- | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 17 | кат зауытын салу және автомобиль қаңылтырын шығару; б) ҚМК - мырыш ұнтағын шығару | ИСМ-ге ақпарат | Қарағанды облысының әкімдігі | 2007 жылдан бастап |
| 18 | Жер учаскесін бөле отырып, Қарағанды облысында "Металлургия-металл өңдеу" индустриялық паркін құру және оны коммуникация желілерімен қамтамасыз ету мүмкіндігін қарау | ИСМ-ге ақпарат | Қарағанды облысының әкімдігі, ҮК | 2005 жылғы 3-4-тоқсан |
| 19 | Мына материалдық-техникалық базаны жаңартуды, ғимараттарды жөндеуді қаржыландыруды қамтамасыз ету: N 9 КТМ (Жезқазған); N 15 КТМ (Қарағанды); N 13 КТМ (Теміртау); N 3 КТМ (Сәтпаев); N 4 КТЛ (Балқаш) | ИСМ-ге ақпарат | Қарағанды облысының әкімдігі, БҒМ | 2005 жылғы 4-тоқсан, 2006 жылғы 2-тоқсан |
| 20 | Қарағанды облысындағы металлургия, металл өңдеу және машина жасау саласы кәсіпкерлерінің субъектілері үшін кемінде 100 басқарушы менеджерлердің біліктілігін арттыру жөніндегі оқу курстарын өткізу | ИСМ-ге ақпарат | ШКДҚ (келісім бойынша) | 2005 жылғы 4-тоқсан |
| 21 | Осы кәсіпорындарда оларды кейіннен мүмкіндігінше еңбекке орналастыра отырып, тау кен-металлургия кешенінің ірі кәсіпорындарында ЖОО студенттерінің, кәсіптік техникалық оқу орындары оқушыларының өндірістік практикадан өтуін қамтамасыз ету, сондай-ақ кәсіпорындарда өндірістік практикадан өту кезінде студенттердің еңбекақысын төлеу шарттары бойынша ұсыныстар дайындау | ИСМ-ге есеп | Қарағанды облысының әкімдігі, ҮК | 2005 жылғы 3-4-тоқсан |
| 22 | Кластерге қатысушыларды басқару мен сапаның халықаралық стандарттарына көшіруді жеделдету | ИСМ-ге ақпарат | Қарағанды облысының әкімдігі | Тұрақты |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 23 | Кластерге қатысушылар шығаратын өнімді талдау үшін бірыңғай сертифи- каттау орталығын құру | ИСМ-ге ақпарат | Қарағанды облысының әкімдігі, Қарағанды өңірлік технопаркі | 2006 жылғы 2-3-тоқсан |

Ескертпе. Аббревиатуралардың толық жазылуы:
ЖОО - жоғарғы оқу орны
ДИ - даму институттары
ҚМК -"Қазақмыс" корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
ҮК - Қарағанды облысындағы "Металлургия" кластерінің үйлестіру кеңесі
ИСМ - Индустрия және сауда министрлігі
БҒМ - Білім және ғылым министрлігі
АШМ - Ауыл шаруашылығы министрлігі
Қоршағанортамині - Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
МСТ - "Миттал Стил Теміртау" акционерлік қоғамы
Қаржымині - Қаржы министрлігі
ЭБЖМ - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
ЭМРМ - Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
КТЛ - Кәсіптік-техникалық лицей
КТМ - Кәсіптік-техникалық мектеп
ШКДҚ - "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы
МТЗО - "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 26 маусымдағы
N 633 қаулысымен
бекітілген

## "Көліктік логистика" пилоттық кластерін жасау мен дамыту жөніндегі жоспар

Қазақстанның экономикалық және географиялық ерекшеліктері (кең ауқымды аумақ және халықтың тығыздығы төмен, минералдық ресурстар қорларының және елдің әртүрлі бөліктеріндегі оларды өндіру орталықтары, ресурстарды өңдеудің төменгі деңгейі және шикізатты әкетудің бағдарлылығы) оның экономикасын көлік жүйесіне жоғары тәуелділікке негіздей отырып, әлемдегі мейлінше әлеуеттілердің біріне айналдырады.

Осыған орай, Қазақстанның кластерлік бастамасы, нақты нәтижелерге қол жеткізуде экономикалық түрлендірудің нақты иінтірегі болуы тиіс, ол мемлекеттік органдардың, қаржы институттарының күш-жігерін, бизнесті және қоғамды толық

көлемде шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Көлік-логистикалық кластердің миссиясы - тасымалдауда және транзиттік тасымалдау әлемдік рыногындағы сәтті бәсекелестікте Қазақстанның экономикасы мен халқының баламалы талаптарына көлік кешенінің даму және қызмет деңгейіне қол жеткізуді қамтамасыз ету.

Көлік-логистикалық қызметтер кластердің ерекшелігіне қарай оны оқшаулау аумақтық-функционалдық сипатқа ие және оның өз ерекшелігі бар: біріншіден, кластердің шешуші буыны, ядросы жеткізу бағыттары, жүк ағымдарының жолын кесетін және тудыратын ірі тораптар болып табылады; екіншіден, кластердің қолданысы көлік-логистикалық және қосалқы қызметтер көрсететін кәсіпорын орналасқан барлық аумаққа таралады.

Жоғарыда жазылғандарға сүйеніп, бірінші кезеңде екі пилоттық жобаны іске асыру көзделеді: Алматы қаласында көлік-логистикалық орталықты ұйымдастыру және " NELTI" Жаңа Еуразиялық Көлік Бастамасы.

Бірінші жоба ең жұмысы қиын қазақстандық көлік торабы - Алматы қаласында терминалдық парк тапшылығы мәселесін ең жаңа ақпараттық жүйелер мен технологияларды қолдану арқылы халықаралық стандарттарға сәйкес келетін көлік-логистикалық орталық құру жолымен шешетін болады.

Екінші жоба Қазақстанның Халықаралық автомобиль тасымалдары саласындағы көліктік әлеуетін Пекин - Бахты - Берлин бағыты бойынша "жасыл" көлік дәлізін ұйымдастыру арқылы дамытуға бағытталған.

| Р / с N | Іс-шара | Аяқталу нысаны | Жауапты орындау-шылар | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **1. Жалпы жүйелік шаралар** | | | | |
| 1 | Даму жоспарларында оң-тайлы темір жол желіле-рін қалыптастырудың қажеттілігін, оның ішінде жаңа темір жол желісін салуды ескеру:<br>а) Бейнеу - Сексеуіл;<br>б) Шар - Өскемен;<br>в) Достық - Ақтоғай,<br>г) Ақтау - Баутино | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат | ККМ, ҚТЖ (келісім бойынша), ҚДБ (келісім бойынша), ҚИҚ (келісім бойынша), ҚМГ (келісім бойынша) | 2005-2010 жылдар<br>2005-2008 жылдар<br>2006-2011 жылдар<br>2005-2009 жылдар |
| | Халықаралық темір жол дәліздерін халықаралық стандарттардың талап-тарына сәйкес келтіру және өткізу қабілетті- | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | лігін ұлғайту жөніндегі жұмысты жалғастыру оның ішінде: а) Қостанай - Золотая Сопка учаскесі бойынша жүк поездарының қоз-ғалысын ұйымдастыру; б) Ақтау - Бейнеу - Мақат - Ақсарай - Қандыағаш темір жол желісін жаңғырту; в) Достық станциясын және Ақтоғай - Достық учаскесін дамыту | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат | ККМ, Қаржымині, ҚТЖ (келісім бойынша) | 2006 жыл<br>2008 жыл<br>2010 жыл |
| 3 | Әзірленетін жол саласын дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған бағ-дарламасында жүктемесі көп және отандық тасы-малдаушылар талап ете-тін мынадай бағыттар бойынша автомобиль жолдарының учаскелерін қайта жаңарту және дамыту қажеттілігін ескеру: а) Ташкент - Шымкент - Тараз - Бішкек - Алматы - Қорғас; б) Шымкент - Қызылорда - Ақтөбе - Орал - Самара; в) Алматы - Қарағанды - Астана - Петропавл, г) Астрахань - Атырау - Ақтау - Түркіменстан шекарасы; д) Омбы - Павлодар - Семей - Майқапшағай; е) Астана - Қостанай - Челябі; ж) Астана - Павлодар - Семей; з) Таскескен - Бахты - ҚХР шекарасы; и) Алматы - Аягөз - Георгиевка; к) Үшарал - Достық - ҚХР шекарасы | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат | ККМ | 2005-2010 жылдар |
| | Автомобиль жолдары желісін оңтайландыру жөнінде зерттеулер жүргізу, соның ішінде мынадай бағыттар бо- | Қазақстан Республи- | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | йынша жаңа автожолдар салу орындылығын қарау: а) Бейнеу - Арал; б) Ырғыз - Торғай - Державинск - Астана | касының Үкіметіне ақпарат | ККМ | 2006 жыл |
| 5 | Халықаралық стандарт-тарға сәйкес және клас-терлер жасау тәжірибе-сін ескеріп, негізгі халықаралық транзиттік дәліздерде жол бойғы инфрақұрылым объектіле-рін дамытуды қамтамасыз ету | ККМ-ге есеп | облыс әкімдіктері | 2006-2008 жылдар |
| 6 | Автомобиль жолдары же-лісінің жай-күйі және жол бойғы сервис объек-тілерінің болуы туралы тұрақты түрде жаңар-тылып тұратын ақпараты бар веб-сайт жасау | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне есеп | ККМ, облыс әкімдіктері | 2006 жылғы 3-тоқсан |
| 7 | Контейнерлік және интермультимодальдық тасымалдардың дамуын жетілдіру, оның ішінде: а) жүк тасымалдарын контейнерлеу бағдарла-масын әзірлеу; б) су көлігінде жүк тасымалын контейнерлеу және порттарда контей-нерлік алаңдар жасау мүмкіндігін қарастыру; в) 1000 темір жол плат-формаларын контейнерлер тасымалы үшін қайта жабдықтау жөнінде шаралар қабылдау; г) контейнерлерді бір тәулік ішінде өңдеуді қамтамасыз ететін жаңа технологиялар енгізу жөнінде шаралар қабылдау; д) жүк тасымалдарын, контейнерлік тасымалдар инфрақұрылымын иннова-циялық дамытуды қамта-масыз ету, танк-контей-нерлерді (сұйытылған газды және басқаларды тасымалдау, үшін), су-сымалы жүктерді (бидай | Қазақстан Республи-касының Үкіметі қаулысының жобасы Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат Қазақстан Республи- | ККМ, ИСМ, ҚТЖ (келісім бойынша) ККМ ККМ, ҚТЖ (келісім бойынша) ККМ, ҚТЖ (келісім бойынша) ККМ, ИСМ, ҚТЖ (келісім бойынша) | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | және басқаларды) тасымалдау үшін балк-контейнерлерді, арнайы контейнерлерді (түйір күкіртті және басқаларды) қолданып тасымалдауды, контейнерлік тасымалдарды, коносаментті енгізу үшін жағдайларды зерделеу және жасау; е) контейнерлік тасымалдар бойынша қазақстан-қытай кәсіпорнын құру жөніндегі мәселені пысықтау; ж) N.E.W - corridor (ҚХР - Қазақстан (Достық - Петропавл) - Ресей - Норвегия) жобасы бойынша ТЖХО және ТЖЫҰ-мен жұмысты жалғастыру. | касының Үкіметіне ақпарат Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ, ҚТЖ (келісім бойынша) ККМ, ҚТЖ (келісім бойынша) | 2005-2008 жылдар |
| 8 | Шекаралық көлік өткелдерін жаңғырту, оның ішінде: а) өткізу қабілеттілігін тәулігіне 200 көлік құралы бірлігіне дейін арттырып, Бахты өткізу пунктін қайта жаңарту; б) мемлекеттік шекара арқылы өткізудің шекаралық пункттерін (Достық станциясы, Бахты және басқалар) жылжымалы құрамды және контейнерлерді ашпай тексеруге арналған кешендермен жабдықтау; в) "Ақтөберентген" АҚ-ның жылжымалы құрамды және контейнерлерді ашпай тексеруге арналған отандық жабдықты жасау және беру жөніндегі ұсыныстарын қарау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Қаржымині, ККМ, АШМ, ДСМ, облыс әкімдіктері, ҰҚК (келісім бойынша), ҚазАТО (келісім бойынша), "NELTI" қоры (келісім бойынша) Қаржымині, ККМ, ҰҚК (келісім бойынша) Қаржымині, ККМ, ҰҚК (келісім бойынша) | 2006-2007 жылдар 2005-2006 жылдар 2005 жылғы 3-тоқсан |
| 9 | ҚТЖ мен Қаржымині КБК-ның ақпараттық жүйеле- | Қазақстан Республи- | Қаржымині, ККМ, ҚТЖ (келісім бойынша), | 2005 жылғы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | рінің дереккорларына коммерциялық қол жеткізуге жағдай жасау | касының Үкіметіне ұсыныстар | ҚазАТО (келісім бойынша) | 3 - 4 - тоқсан |
| 10 | ҚТЖ-ның ақпараттық ресурстарын кеңейту мақсатында ақпараттық жүйелер жөніндегі ТЖЫҰ-ның және ТЖОК-тың іс-шараларын орындауды қамтамасыз ету | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат | Қ Т Ж (келісім бойынша), ККМ | 2005-2006 жылдар |
| 11 | Тасымалдар серпіні мен қауіпсіздігінің монито-рингі үшін көлік дерек-қоры бар ақпараттық талдау жүйесін құру жөніндегі жұмысты жалғастыру | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат | ККМ, ЭБЖМ | 2005-2007 жылдар |
| 12 | Халықаралық автомобиль тасымалын жүзеге асыру туралы үкіметаралық, оның ішінде Австриямен, Бельгиямен, Румыниямен, Ұлыбританиямен, Норве-гиямен, Словениямен екі жақты шарттар жасасу жөніндегі жұмысты жалғастыру | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат | ККМ | 2005-2006 жылдар |
| 13 | Қазақстанның халықара-лық конвенциялар мен келісімдерге қосылуы жөніндегі жұмысты жандандыру, оның ішінде:<br>а) Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін сақ-тандыру жөніндегі халы-қаралық келісімге (Әм-бебап шарт), (Жасыл карта) Қазақстанның қосылуы жөнінде шаралар қабылдау;<br>б) коммерциялық мақсат-та пайдаланылатын жол тасымалдау құралдарын уақытша әкелуге қатыс-ты Кеден конвенциясына (Карнет де Пассаж) Қазақстанның қосылуы жөніндегі мәселені шешу | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат | К К М , Қаржымині, ҚҚА | 2005-2006 жылдар |
| | ҚР ККМ мен РФ КМ ара-сындағы "Композитор" үлгісіндегі РО-РО ре-сейлік еркін жүзетін | Қазақстан Республи- | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 14 | кемелердің Каспий теңізінде Ресей порттары мен Қазақстан порттары арасында жүзу шарттары туралы келісім жобасын дайындау жөніндегі жұмысты жалғастыру | касының Үкіметіне ақпарат | ККМ, АХТСП (келісім бойынша) | 2005 жылғы 4-тоқсан |
| 15 | ТМРА-мен бірлесіп, ДСҰ-ға кіруге байланысты республикаішілік және экспорт-импорттық тасымалдар тарифтерін біріздендіру жөніндегі ұсыныстарды енгізуді пысықтау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | ККМ, ИСМ, ЭБЖМ | 2006 жылғы 2-3-тоқсан |
| 16 | ТМРА-мен бірлесіп, контейнерлер тасымалын ынталандыратын тарифтерді белгілеу жөнінде шаралар әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | ККМ | 2005 жылғы 3-тоқсан |
| 17 | Мемлекеттік стандарттарды халықаралық талаптармен үйлестіру жөнінде, оның ішінде қолданыстағы мемлекеттік стандарттарды ыдыс, жүк орамасы және контейнерлер есіктерінің көлемдік өлшемдерін сәйкес келтіру бөлігінде өзгерту жөнінде жұмыстар жүргізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ, ИСМ | 2005-2008 жылдар |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 18 | Салық заңнамасын өзгерту жөніндегі ұсыныстарды белгіленген тәртіппен жинауды, жинақтауды және енгізуді қамтамасыз ету, оның ішінде мыналар бойынша: а) "Қосылған құн салығы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген тәртіппен есепке алу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесін қалыптастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 наурыздағы N 269 қаулысымен бекітілген импортталатын жабдықтардың тізбесіне Қазақстан аумағында шығарылмайтын арнайы терминалдық жабдық пен контейнерлерді енгізу;<br>б) көлік-коммуникация кешенінің негізгі құралдарын жаңарту үшін қолайлы жағдай жасау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ, ЭБЖМ | 2005 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | жылғы 4-тоқсан |
| 19 | Қолданылу мерзімі 30 күн қосымша жоспар бөлуді көздей отырып, Жүктерді тасымалдау ережесіне тасымалдарды жоспарлау бөлігінде өзгерістер енгізу | Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің бұйрығы | ККМ, ҚТЖ (келісім бойынша) | 2005 жылғы 4-тоқсан |
| 20 | Бақылауды және МТЖ қызметіне кемсітушіліксіз қол жеткізу ережесін шүбәсіз орындауды қамтамасыз ету және монополистердің кластерге қатысушылармен өзара қарым-қатынастарында адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау, сондай-ақ уәкілетті органның қатысуымен өзара талаптарды қарау тәртібін сақтау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ, ҚТЖ (келісім бойынша), ТМРА, ИСМ | Ұдайы |
| 21 | Инфрақұрылымдық жобаларға және көлік-логистикалық орталықтарға қаржы ресурстарын (инвестициялар, кредиттер, лизинг, венчурлық капитал және басқалар сияқты) тарту тетіктері бойынша ұсыныстар әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Қаржымині, ЭБЖМ, ИСМ, ДИ (келісім бойынша), ККМ | 2005 жылғы 3-тоқсан |
| 22 | "Кедендік баждар мен салықтар төлеуден толық босатыла отырып, уақытша әкелінетін және кедендік баждар төлеуден толық босатыла отырып, уақытша әкетілетін тауарлардың тізбесін бекіту туралы" (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 шілдедегі N 742 қаулысымен енгізілген өзгертулермен) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 шілдедегі N 668 қаулысына Қазақстан Республикасына/нан доңғалақ жұптарын және ҚХР тиесілі арбашаларды | Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы | Қаржымині, ИСМ, ККМ, ҚТЖ (келісім бойынша) | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | және Қазақстан Республикасы шегінен Ресей Федерациясына жөндеу үшін әкетілетін арнайы жылжымалы құрамды әкелу/әкету бөлігінде толықтырулар енгізу | | | 2005-2006 жылдар |
| 23 | Кеден рәсімдерін және ақпараттандыруды оңайлату жөнінде жұмыс жүргізу, оның ішінде: а) жол ведомосін жеткізуді бақылау құжаты ретінде пайдалану практикасын кеңейту; б) электронды пломбаны пайдалануды кеңейту; в) кедендік алып жүруді нақты уақыт режимінде ақпараттық қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Қаржымині, ККМ, ҚТЖ (келісім бойынша) | 2005-2006 жылдар |
| 24 | Көлік-логистикалық қызметтер саласындағы мамандықтар бойынша кәсіптік оқу мамандықтарының жіктеуіштеріне өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ, БҒМ | 2005-2006 жылдар |
| 25 | "Көліктік логистика" пәні бойынша көлік саласының мамандары үшін біліктілікті жоғарылату бағдарламасын әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | ККМ, БҒМ | 2005 жылғы 4-тоқсан |
| 26 | Көлік-коммуникация саласының техникалық және қызмет көрсету персоналы кадрларын даярлау және қайта даярлау жөніндегі өңіраралық орталықтар құру жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | БҒМ, ККМ, облыс әкімдіктері | 2005-2007 жылдар |
| 27 | Жетекші халықаралық мамандарды, ұйымдарды, институттарды тарту арқылы семинарлар, конференциялар және басқа да сол сияқты іс-шаралар өткізу практикасын кеңейту | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ, облыс әкімдіктері | Ұдайы |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 28 | ККК мамандарын шетелдерде ақпараттық жүйелер, технологиялар, логистика, басқару, қаржы мамандықтары бойынша қайта даярлау жөнінде ұсыныстар әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | ККМ, БҒМ | 2006-2008 жылдар |
| 29 | Теңіз және өзен көлігінің тренажерлық орталықтарын құру мәселесін пысықтау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | ККМ | 2006 жылғы 1-2-тоқсан |
| 30 | Көлік-логистикалық орталықтарды құру және дамыту жөнінде (оның ішінде: қызметтердің үлгісін, құрылымын, түрлерін және стандарттарын, қойма үй-жайларын жарақтандыруды айқындау жөнінде) әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу | Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің бұйрығы | ККМ, ҚазТЖҒЗИ (келісім бойынша) | 2005 жылғы 3-4-тоқсан |
| 31 | Қазақстандық кластерлік бастамаға сәйкес логистикалық орталықтарды салу мен кеңейтуге жер учаскелерін бөлу мүмкіндігін көздеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Облыс әкімдіктері, ККМ | Ұдайы |
| 32 | "Ықпалдастырылған логистикалық кешендер орталықтары және Қазақстан Республикасында контейнерлік тасымалдарды дамыту жөніндегі іс-шаралардың маркетингтің жоспары" жобасының ТЭН-ін әзірлеуге Жапония Үкіметінің техникалық көмегін тарту бойынша жұмысты жалғастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ, ЭБЖМ | 2005 жылғы 3-4-тоқсан |
| 33 | Зерттеулер жүргізу және "Кеденкөліксервис" АҚ "Қазкөліксервис" АҚ "Астана-Келісім-шарт" АҚ терминалдары негізінде логистикалық орталықтар құру мәселесін пысықтау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ, ҚТЖ (келісім бойынша) | 2005-2008 жылдар |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 34 | Тұрақты жұмыс істейтін бірлескен Көлік-логис-тикалық қызметтер клас-терін дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесін құру | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат | МТЗО, ИСМ, ККМ | 2005 жылғы 3-тоқсан |
| 35 | Жылжымалы құрамды жа-ңартуға және жаңғыртуға жеке инвестициялар тарту жөніндегі жұмысты жалғастыру | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат | ККМ, ҚазАТО (келісім бойынша), ҚТЖ (келісім бойынша) | 2005-2006 жылдар |
| **2. "Алматы қаласында Көлік-логистикалық орталық құру" пилоттық жобасы** | | | | |
| 36 | Қазіргі заманғы есепке алудың автоматтанды-рылған жүйесі мен ақ-параттық-логистикалық қамтамасыз етуді құра отырып, қолданыстағы контейнерлік терминал негізінде көлік-логис-тикалық орталықты ұйымдастыру мәселесін пысықтау | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат | ККМ, ҚДБ (келісім бойынша), ҚазТЖҒЗИ (келісім бойынша), Алматы қаласы әкімдігі, Қаржымині, ИСМ, ҚТЖ (келісім бойынша), "Астана-Келісім-шарт" АҚ (келісім бойынша) | 2005-2007 жылдар |
| 37 | "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасы-ның Заңын іске асырудың кейбір мәселелері тура-лы" Қазақстан Республи-касы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысымен бекітілген инвестициялық преферен-циялар берілетін қыз-меттің басым түрлерінің тізбесіне "Көліктік логистика" бөлімін енгізу мүмкіндігін қарастыру | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ұсыныстар | ИСМ, ККМ | 2005 жылғы 4-тоқсан |
| | Көлік-логистикалық ор-талықты салу жөніндегі пилоттық жобаны іске | Алматы қаласы | Алматы қаласы | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 38 | асыру үшін Алматы қаласының Түркісіб ауданындағы жер учаскесін мақсатты бөлуді көздеу | Үкіметіне ұсыныстар | әкімдігі, ККМ | 2005 жылғы 4-тоқсан |
| **3. "NELTI" Жаңа Еуразиялық көлік бастамасы" пилоттық жобасы** | | | | |
| 39 | Пекин қаласынан Берлин қаласына автокөлікпен жүктерді тасымалдаудың және ИДБ грантын тарта отырып, Бахты өткелінде (құрғақ порт) логистикалық орталықты ұйымдастырудың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ, ҚазАТО (келісім бойынша), ЭБЖМ, ИСМ | 2005 жылғы 3-тоқсан |
| 40 | Қытай мен ресей тараптарымен Пекин - Берлин (NELTI) "жасыл" дәлізін ұйымдастыру мәселелерін пысықтау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ | 2005 жылғы 3-4-тоқсан |
| 41 | "Жасыл" дәліз жасау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруды ұйымдастыру үшін NELTI венчурлік қорын құру | ККМ-ге ақпарат | ҚазАТО (келісім бойынша), ҰИҚ (келісім бойынша), РФ ХАТҚ (келісім бойынша) | 2005 жылғы 4-тоқсан |
| 42 | Пекин - Берлин пилоттық автокеруенін ұйымдастыру (NELTI) | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ, ҚазАТО (келісім бойынша) | 2005 жылғы 3-тоқсан |
| 43 | Бахты көлік-логистикалық орталығы үшін терминал салу жөніндегі ұсынысты қарау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ, "NELTI" қоры (келісім бойынша), ҚДБ (келісім бойынша) | 2005 жылғы 3-тоқсан |
| 44 | Қазақстан Республикасында ершікті тартқыштарды, жартылай тіркемелер мен рефрижераторларды жинақтап шығаруды ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстарды қарау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ККМ, ИСМ, ҚДБ (келісім бойынша) | 2006 жылғы 1-2-тоқсан |
| | Қазақстанның халықаралық автомобиль тасымал- | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 45 | даушылары үшін көлік құралдарының мақсатты лизингін ұйымдастыру жөніндегі ұсынысты қарау | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат | ККМ, ҚДБ (келісім бойынша) | 2005 жылғы 3-4-тоқсан |
| 46 | АДБ грантын тарта отырып, халықаралық автотасымалдаушыларды даярлау орталығын жабдықтау | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат | ККМ, ЭБЖМ, ҚазАТО (келісім бойынша) | 2005 жылғы 3-4-тоқсан |
| 47 | АДБ грантын тарта отырып халықаралық тасымалдар үшін сынақ зертханасын және көлік құралдарын сертификат-тау жөніндегі органды белгіленген тәртіппен құру | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат | ККМ, ЭБЖМ, ИСМ, ҚазАТО (келісім бойынша) | 2005 жылғы 4-тоқсан |
| 48 | ККМ-мен келісім бойын-ша қазақстандық тасы-малдаушыларға шетелдік рұқсаттарды беру функциясын ҚазАТО-ға беру мәселесін қарау | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ұсыныстар | ККМ, Қаржымині, ҚазАТО (келісім бойынша) | 2005 жылғы 3-4-тоқсан |
| **4. Перспективалық пилоттық жобалар** | | | | |
| **"Достық" станциясында көлік-логистикалық орталық құру" пилоттық жобасы** | | | | |
| 49 | Көлік-логистикалық орталыққа қатысушылар-дың құрамын және заңды мәртебесін анықтау | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат | ККМ, ҚТЖ (келісім бойынша) | 2005 жылғы 3-тоқсан |
| 50 | Көлік-логистикалық орталықтың дәл орнала-суы мен алаңын анықтау және жер учаскесін бөлу | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат | ККМ, облыс әкімдіктері | 2005 жылғы 3-тоқсан |
| **"Ақтау портында көлік-логистикалық орталық құру" пилоттық жобасы** | | | | |
| 51 | Көлік-логистикалық орталыққа қатысушылар- | Қазақстан Республи-касының | ККМ, АХТСП (келісім бойынша), | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | дың құрамын, заңды мәртебесін айқындау | Үкіметіне ақпарат | ҚТЖ (келісім бойынша) | 2005 жылғы 3-тоқсан |
| 52 | Көлік-логистикалық ор- талықты дәл орналасуы мен алаңын анықтау және жер учаскесін бөлу | Қазақстан Республи- касының Үкіметіне ақпарат | ККМ, Маңғыстау облысының әкімдігі | 2005 жылғы 3-тоқсан |
| 53 | "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағы субъектілеріне көлік-логистикалық ор- талықты енгізу жөнінде ұсыныстар дайындау | Қазақстан Республи- касының Үкіметіне ақпарат | Маңғыстау облысының әкімдігі, ККМ | 2006 жылғы 1-2-тоқсан |

Ескерту. Кестеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.22. N 572 қаулысымен.

Ескертпе. Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АДБ - Азия Даму Банкі

АХТСП - Ақтау халықаралық теңіз сауда порты

АҚ - акционерлік қоғам

ТМРА - Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

РФ ХАТҚ - Ресей Федерациясының халықаралық автомобиль тасымалдаушылар қауымдастығы

ҚҚА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі

ҚДБ - "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамы

ДСҰ - Дүниежүзілік сауда ұйымы

ИДБ - Ислам Даму Банкі

ДИ - Даму институттары

ҚИҚ - "Қазақстанның инвестициялық қоры" акционерлік қоғамы

ХАТО - Халықаралық автомобиль тасымалдаушылар одағы

ҚазТКҒЗИ - Қазақстан темір жол көлігі ғылыми-зерттеу институты

ҚМГ - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы

ҰҚК - Ұлттық қауіпсіздік комитеті

ҚХР - Қытай Халық Республикасы

ҚТЖ - "Қазақстан Темір Жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы

КБК - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті

МТЖ - магистральды темір жол желісі

ДСМ - Денсаулық сақтау министрлігі

СІМ - Сыртқы істер министрлігі

ИСМ - Индустрия және сауда министрлігі

БҒМ - Білім және ғылым министрлігі

ТЖХК - Темір жолдардың халықаралық кеңесі

АШМ - Ауыл шаруашылығы министрлігі
РФ КМ - Ресей Федерациясы Көлік министрлігі
ККМ - Көлік және коммуникация министрлігі
Қаржымині - Қаржы министрлігі
ЭБЖМ - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
ҚҚС - Қосымша құн салығы
ҰИҚ - "Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамы
ТЖЫҰ - Темір жол ынтымақтастығын ұйымдастыру
ККК - Көлік-коммуникациялық кешендер
ТЭН - Техникалық-экономикалық негіздеме
МТОЗ -"Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамы
ТЖОК - Темір жолдардың орталық кеңесі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 26 маусымдағы
N 633 қаулысымен
бекітілген

## "Тоқыма өнеркәсібі" пилоттық кластерін жасау мен дамыту жөніндегі жоспар

Бүгінгі таңда Қазақстандағы тоқыма және тігін өнеркәсібі саласы ауыр экономикалық жағдайда тұрғанын атап өту керек.

Біздің көзқарасымызша, тігін өнеркәсібінің өсу әлеуеті неғұрлым "тиімді" кіші салаларды таргеттеуден тұрады, онда отандық өндіруші неғұрлым бәсекеге қабілетті болуы мүмкін.

Қазақстанда үлкен көлемде экспортталатын мақтаның үдемелі өндірісі бар, сондай-ақ ішкі әрі сыртқы рыноктары үшін де әртүрлі өнімді шығаруға қабілетті тігін компаниялары бар.

Тоқыма саласының мақта-тоқыма сегментінің қосылған құндары тізбесінің өтпелі элементін қалпына келтіру үшін бүгінгі таңда тоқыма саласының басқа сегменттеріне қарағанда неғұрлым бәсекеге қабілетті болып табылатын жіп және мата өндірісін серпінді дамыту қажет. Тоқыма өндірісінің осы сегментіне қосылған құнның шамамен 80 %-ы, сонымен бірге, талшықты мақта өндірісіне шамамен 10 %, дайын киімге шамамен 1-3 % келеді. Бәсекеге қабілетті тоқыма сегментін құру Қазақстанда шығарылатын мақтаны ұқсатуға, сонымен қосылған құнды ұлғайтуға және тігін кәсіпорындарында одан әрі өңдеу үшін қажетті өнімді шығаруға мүмкіндік береді.

Тоқыма өнеркәсібін дамытудың бастапқы кезеңінде Оңтүстік Қазақстан облысында - мақта-мата жіп пен матаны шығару жөніндегі пилоттық кластерді құруға және

дамытуға назар аудару ұсынылады.

Таңдау мынадай факторларға негізделеді: шикізаттың (мақтаның) қол жетімділігі, жаңа тоқыма кәсіпорындарын салуды және бұрынғыларын қайта жарақтандыруды жүзеге асыратын бірнеше ірі компаниялардың болуы, өндірістік шығындардың салыстырмалы төменгі деңгейі және тарихи қалыптасқан өзіне тән инфрақұрылымның болуы.

Мақтаны шығару мен қайта өңдеу саласындағы Оңтүстік Қазақстан облысының ерекшелігі облыс аумағында пилоттық кластердің жүйе құрайтын компоненті болып табылатын "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағын құру қажеттілігін негіздеді.

| Р/с N | Іс-шара | Аяқталу нысаны | Жауапты орындау-шылар | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **1. Жалпы жүйелік шаралар** | | | | |
| 1 | Бизнестің талаптарын, сала үрдістерін және халықаралық стандарт-тарды ескере отырып, мамандықтар жіктеу ішіне және стандартта-рына өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу, оның ішінде, мамандықтар жіктеу ішінде жекелеген маман-дықтарды бөлуді көздеу: а) табиғи және химиялық талшықтар өндірісінің технологиясы; б) тоқыма өнеркәсібінің бұйымдары мен тауарлары өндірісінің техноло-гиясы; в) тоқыма өнеркәсібінің бұйымдары мен тауар-ларын модельдеу және олардың дизайны | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ұсыныстар | БҒМ, ИСМ, ОҚО және Алматы қаласының әкімдік-тері, ЖӨКҚ (келісім бойынша) | 2005 жылғы желтоқсан |
| 2 | Тоқыма мамандықтары үшін гранттардың санын ұлғайту жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ұсыныстар | БҒМ, ИСМ, АШМ | 2005 жылғы қыркүйек |
| 3 | Оқыту, өндірістік прак-тикадан өту, консуль-тация беру және басқа-лары саласында жоғары оқу орындары мен клас- | Қазақстан Республи-касының | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | терге қатысушылар арасындағы ынтымақтастық жөнінде ұсыныстар | Үкіметіне ұсыныстар | БҒМ, ИСМ, АШМ, облыс әкімдіктері | 2005 жылғы қыркүйек |
| 4 | Мемлекеттік сату алуды жүргізу кезінде жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарына алдын ала төлем туралы ережені заңнамалық бекіту жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | Қаржымині, ИСМ, ЖӨКҚ (келісім бойынша) | 2005 жылғы қыркүйек |
| 5 | Мақсаты тоқыма саласындағы білім сапасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды енгізу болып табылатын бизнес, қауымдастық өкілдерінен, сала мамандарынан және білім беру мекемелерінен тұратын жұмыс тобын құру | ИСМ-ге ақпарат | БҒМ, ЖӨКҚ (келісім бойынша) | 2005 жылғы 3-тоқсан |
| 6 | Тоқыма өнімінің контрабандалық импортының деңгейін төмендету мақсатымен заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | ИСМ, ЖӨКҚ (келісім бойынша), ЭБЖМ | 2005 жылғы қыркүйек |
| 7 | Конкурстарды өткізудің және қазақстандық тоқыма кәсіпорындарынан, оның ішінде, тендерлерді өткізу және олардың нәтижелерін жариялау жөніндегі веб-сайттар мен ақпараттық орталықтарды құру және ұстау есебінен тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша олардың қорытындыларын шығарудың ашықтығын қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | Қаржымині, ИСМ, ҚМҚ (келісім бойынша), ЖӨКҚ (келісім бойынша) | 2006 жылғы қаңтар |
| 8 | Шетелдердегі халықаралық көрмелерге қатысушы тоқыма кәсіпорындарының қаржы шығындарын мемлекеттің ішінара өтеу мүмкіндігін қарастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | ИСМ, ЖӨКҚ (келісім бойынша) | 2005 жылғы тамыз |
| | Инновациялық жобалардың бірінші тоқыма конгресін (мақта/тоқыма саласындағы үздік | Қазақстан Республи- | ИСМ, БҒМ, ЖӨКҚ | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9 | зерттеулерді/техноло-гияларды іздестіруге тексерісті/сараптауды) өткізу | касының Үкіметіне есеп | (келісім бойынша), АШМ | 2006 жылғы қаңтар |
| 10 | Отандық зауыттарда жергілікті шикізаттан тыңайтқыштар өндіру мүмкіндігі жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ақпарат | ИСМ, АШМ | 2006 жылғы І-тоқсан |
| **2. Оңтүстік Қазақстан облысындағы мақта-мата жібі мен мата өндірісінің кластерін дамыту** | | | | |
| 11 | "ОҚО-дағы тоқыма өнер-кәсібі" кластерінің үйлестіру кеңесін құру | ИСМ-ге ақпарат | МТЗО (келісім бойынша), ОҚО әкім-дігі, АШМ | 2005 жылғы 3-тоқсан |
